

Компазиция дегеніміз не?

Орындаған: Жумадилова А.А.
Тексерген: Ибраева Н.Е.

Композиция(лат. *compositio* - құрастыру, шығарма) - көркем өнер туындысының құрылымы, оның жанры мен мазмұнына орай құрамдас бөліктерінің тұтастығы. Композиция - құрамдас бөліктері бірлікте ұштастырылған, бір-біріне және жалпы мүддеге бағындырылған мақсатты көркем құрылым. Пластик. өнерле композиция көркем пішін (форма) түзілімінің жеке сәттерін біріктіріп тұрады. Композиция әдістері өнердің өзіндік ерекшеліктеріне, шығарманың идеясына, авторлық ойтүйсігіне сәйкес туындайды. Композиция шығарманың ішкі құрылымымен бірге оның сыртқы орта мен көрермендер арасындағы қатынасын белгілейді. Көркем шығарм. процесі мен өмірді эстеттану тұрғысында қалыптасқан композиция заңдары өнердің жалпылама заңдылықтарының, нақты өмір құбылыстарындағы өзара байланыстылықтардың белгілі мөлшеріндегі бейнесі әрі жиынтығы болып табылады.

Композицияның түрлері:

1. Сюжеттің басталуы (оқиғаның басталуы).
2. Шығарма ішіндегі оқиғалар байланысы.
3. Оқиғаның шарықтау шегі.
4. Оқиғаның аяқталуы (шешімі).

Симметрия дегеніміз - оң жақ және сол жақ ортадағы вертикальға қатысты адам дене бітімін екі тең бөлікке бөлетін пішін бөліктерінің теңдігі. Кез келген пішіннің құрылыс негізінде симметрия принципі жатады. Симметрия орта-радиалдық (мысалы, гүл пішінінде, теңіз жұлдызы тәрізді) немесе орта-осьтік (мысалы, көбулек, құстар пішінінде) болуы мүмкін. Симметрияның мынадай түрлері болады: - классикалық (бейне, айналым, кеңістіктегі бұрылыстар, жазықтықтағы бұрылыстар симметриясы); - афиндық (созылым, қысым, жылжу симметриясы); - ұқсастық (К - ұқсастық симметриясы, L-ұқсастық симметриясы); - қисық сызықты (айналым, қысымдау, бұзу, жай бүгіліс симметриясы). Табиғатта абсолюттік симметрияның болмауы себепті костюмде де көбіне симметриядан шегіну болады. Бұл бұйымның арналуына және сипатына, атқаратын қызметіне, кәсіпорындық технология шарттарына, көркем-бейнелілік мақсаттарына, киім жобалауына сәйкес жүзеге асады

«Асимметрия» түсінігі симметрияның осі немесе жазықтың симметриясы жоқ кезіндегі элементтердің орналасуын білдіреді. Асимметрия динамикаға әр түрлі деңгейдегі пішінді береді, ол ішкі және сыртқы болуы мүмкін Костюмнің адам дене бітіміне (ортақ түрінде симметриялы) тығыз байланыстылығын ескере отырып, оның асимметриялық орналасуының ерекше белсенділігін арттыруға болады. Сондықтан костюмді жобалау кезінде оның атқаратын қызметінің сипатын анықтау қажет. Практикалық қызметі эстетикалық қызметінен басымдау күнделікті еңбек қызметімен байланысты киімді симметрия немесе байқалмайтын асимметрияның негізінде орындаған дұрыс. Керісінше, мерекелік үлгілер асимметрия нәтижесінде тамаша көрінеді.

Статика және динамика

Статика - кеңістіктегі тұрақты пішін жағдайы. Тұрақты қалып пішін бөліктерінің тепе-теңдігімен сипатталады (ереже бойынша, костюм вертикальдық ось симметриясымен тұрақты қалыпта).

Динамика - қозғалыстың, дамудың, өзгерістің белсенді шарты, яғни пішіннің біржақты бағыты болып табылады: - пішін сыртындағы асимметриялық пішін ізденісі; - костюм бөліктерінің пішіннен кеңістікке шығуы; - адам қозғалысының ішкі және сыртқы динамикамен келісімділігі. Костюмдегі статикалық және динамикалық жағдайлар салыстырмалы пропорционалдықта болады. Осы мақсаттың шешімі костюмнің қызметімен байланысты. Статикалық пішін жағдайын негізгі композициялық құрал ретінде күнделікті-іскерлік костюмде пайдаланған тиімді. Динамика доминанты костюмнің барлық композициялық құрылысының айқын көрінісін қамтамасыз ететін, мерекелік және демалыстық киімдерде айқындалады. Костюмнің тұрақты қалыптылық және динамикалық шешімін қабылдау үшін жас ерекшелік факторына аса мән беріледі. Динамикалық композиция темпераментіне, белсенділігіне сәйкес жастар киіміне тән.

Композицияның динамикалығы және тұрақты қалыптылығы әр түрлі тәсілмен жетілдіріледі. Ең тұрақты қалыптағы силуэтті пішіндер тіктөртбұрыш пен сопақ болып табылады, ал оларды шаршыға немесе шарға жақындата құрғанда, олардың визуалдық жылжымастығы арттырылады. Нағыз динамикалық деп трапециялық және икс тәрізді силуэттерді айтуға болады. Костюм композициясының статикасы мен динамикасына силуэтті бейнелейтін және ішінен оны мүшелейтін сызықтар «жұмыс істейді». Бұл біздегі әр түрлі сызықтардың сызылуын қабылдау психологиясымен байланысты. Костюмнің ішкі пішінінің бөлшектелуі силуэттік сызықтар суретімен байланысты.

* Қорытындылай айтқанда, композицияны оқытуды бірнеше жаттығулар жасау мен суретшілер шығармалар таныстыру нәтижесінде игерілетін оқу үрдісі емес, ол жүйелі, кешенді, бірізділікпен, ғылыми тұрғыдан негізделген оқыту технологиясы нәтижесінде игерілетін композиция заңдылықтары туралы білімдер мен композициялық бейнелеу икемділіктерінен дағдыларынан құралатын мұғалімнің дайындығын қажет ететін іс-әрекеттер жүйесі ретінде тану қажет.